

## "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1222 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты ізгілік қағидаттары басшылыққа алына отырып қабылданды.

**1-бап.** Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін сотталған:

1) кәмелетке толмағандар;

2) кәмелетке толмаған балалары немесе асырауында I және II топтағы мүгедек балалары бар әйелдер, сондай-ақ жүкті әйелдер;

3) I және II топтағы мүгедектер;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен әйелдер мен ер адамдар жазадан босатылсын.

**2-бап.** Осы Заңның 1-бабының қолданылу аясына жатпайтын, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін сотталған адамдар, егер олар белгіленген жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген болса, бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылсын.

**3-бап.** Осы Заңның 1-бабында аталған, ауыр қылмыс үшін сотталған адамдар, егер олар белгіленген жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген болса, бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылсын.

**4-бап.** Осы Заңның 1, 2, 3, 4-баптарының қолданылу аясына жатпайтын, ауыр қылмыс үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар, егер олар белгіленген жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген болса, жазадан босатылсын.

**5-бап.** Осы Заңның 1, 2, 3, 4-баптарының қолданылу аясына жатпайтын, аса ауыр болып табылмайтын қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, осы

Заңның 19-бабының бірінші бөлігінде белгіленген рақымшылық жасау актісін орындау кезеңінде жазаны өтеп болуына бір жылдан аз уақыт қалған адамдар жазадан босатылсын.

**6-бап.** Осы Заңның қолданылу аясына:

1) сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жаза Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы қолданыла отыра белгіленіп, с о т т а л ғ а н д а р ;

2) бас бостандығынан айыруға сотталып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабына сәйкес сот үкімінің орындалуы кейінге қалдырылған жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер;

3) егер осы Заң қолданысқа енгеннен кейін алты айдан кешікпей әскери басқарудың жергілікті органдарының таяу жердегі органдарына, әскери-тергеу органдарына, әскери прокуратура немесе әскери полиция органдарына кінәсін мойындаپ келген жағдайда, әскери қызметке шақырудан жалтарған әскери міндеттілер және осы Заң қолданысқа енгенге дейін онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әскери қ ы з м е т ш і л е р ;

4) егер бұл жаза негізгі жаза түрінде қолданылған болса, бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау түрлері қолданылып сотталған адамдар жатады.

**7-бап.** Осы Заңның 1, 2, 3, 4, 5, 6 баптарының негізінде жазадан босатуға жатпайтын, бас бостандығынан айыруға:

1) онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін сотталған;

2) ауыр қылмысы үшін сотталған адамдарға, егер олар белгіленген жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген болса;

3) аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамдарға, егер олар белгіленген жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтеген болса, жазасының өтелмеген белігінің жартысы қысқартылсын.

**8-бап.** Бес жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза көзделген, осы Заң қолданысқа енгенге дейін жасалған қылмыстар туралы барлық қылмыстық істерге қылмыстық іс қозғаудан бас тартылсын және соттарда қаралмаған істердің жүргізілуі тоқтатылсын.

**9-бап.** Мынадай болып белгіленсін:

1) осы Заңның 1-бабының 1) тармақшасында аталған адамдарға қылмыс жасаған кезінде 18 жасқа толмаған адамдар жатады;

2) Осы Заңның 1-бабының 2) тармақшасында аталған адамдарға ата-ана құқығынан айырылмаған және осы Заң қолданысқа енетін күнге 18 жасқа толмаған балалары, соның ішінде асырап алған не қамқорлыққа алған балалары бар не жасына қарамастан I және II топтағы мүгедек балалары бар әйелдер, осы Заң қолданысқа енген күнінде жүктілік жағдайында болған әйелдер жатады;

3) осы Заңның 1-бабының 3) тармақшасында аталған адамдарға, осы Заң

4) осы Заңның 1-бабының 4) тармақшасында аталған адамдарға осы Заң қолданысқа енгенге дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен әйелдер мен ер адамдар жатады. Бұл адамдардың туған күні мен айын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, бұлардың қатарында 1947 жылғы 1 қаңтарға дейін туған әйелдер мен 1942 жылғы 1 қаңтарға дейін туған ер адамдар есептелуі керек.

## 10 - б а п .      О с ы      З а н :

1) сот Үкімі бойынша ерекше қауіпті қылмыскерлер деп танылғандарға, сондай-ақ қауіпті не ерекше қауіпті деп танылған қылмысты қайталап жасағандарға;

2) өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылып, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалып сottалғандарға;

3) осы Заңның 7-бабының 3) тармақшасында аталған адамдардан басқа, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сottалғандарға;

4) осы Заңың 1-бабының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында аталған адамдардан басқа, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы болғандарға;

5) бұрынғы соттылығы заңнамада белгіленген тәртіппен өтелген немесе алынып тасталған адамдарды қоспағанда, бұған дейін рақымшылық немесе кешірім жасалған қайтадан қасақана қылмыс жасағандарға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы Заң қолданысқа енген күнге жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қысастықпен бұзушылар деп танылғандарға немесе жазасын өтеген уақытта қасақана қылмыс жасағандарға;

7) Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде көзделген мынадай қылмыстар: отанға опасызыңық (50-бап); шпиондық (51-бап); террорлық акт (52-бап); шет мемлекеттік өкіліне қарсы террорлық акт (53-бап); диверсия (54-бап); зиянкестік (55-бап); соғысты насихаттау (57-бап); ұлттық және нәсілдік тең құқықтылықты бұзу (60-баптың үшінші бөлігі); жалдамалылық (62-2-баптың екінші бөлігі); бандитизм (63-бап); еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын әрекеттер (63-1-бап); қылмыстық топты не қылмыстық қоғамдастықты ұйымдастыру немесе басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (63-2-баптың екінші бөлігі); контрабанда (64-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); жаппай тәртіпсіздік (65-бап); жылжымалы темір жол составын, әуе , теңіз немесе өзен кемелерін айдал әкету не басып алу (72-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); жасанды ақшаны немесе бағалы қағазды қолдан жасау немесе өткізу (73-баптың екінші бөлігі); ұрлық (76-баптың үшінші бөлігі); тонау (76-1-баптың үшінші бөлігі); шабуыл жасап тонау (76-2-бап); алаяқтық (76-3-баптың үшінші бөлігі); бөгде мүлікті меншіктену немесе жұмсал қою жолымен немесе қызмет бабын теріс пайдаланып қиянат жасау жолымен талан-таражға салу (76-4-баптың үшінші бөлігі); қорқытып алу (76-7-баптың үшінші бөлігі); бөгде мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (82-бап); қасақана кісі өлтіру (88-бап); денені ауыр дәрежеде қасақана жарақаттау (93-

баптың екінші бөлігі); басқа адамды көрінеу ЖҚТБ-ны жүқтыву қаупінде қалдыру және ЖҚТБ ауруын жүқтыву (100-1-баптың екінші бөлігі); әйел зорлау (101-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктөрі); ерек пен еркектің жыныстық қатынас жасасуы (104-баптың екінші бөлігі); адамды кепілге алу және кепілдікте ұстай (115-1-бап); адам ұрлау (116-бап); пара алу (146-баптың екінші және үшінші бөліктөрі); ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, анықтаушы адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседателінің өміріне қастық әрекет (173-1-бап); куәні, жәбірленушіні, эксперttі немесе аудармашыны өтірік жауап беруге сатып алу немесе зорлау (187-1-баптың үшінші бөлігі); көрінеу әділетсіз үкім, шешім, үйгарым немесе қаулы шығару (191-баптың екінші бөлігі); анықтау жүргізуі адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседательдеріне қастысты қауіп төндіру (191-2-бап); еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (199-2-баптың екінші бөлігі); бұзақылық (200-баптың екінші бөлігі); атылатын қару-жарақты, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау (203-баптың екінші және үшінші бөліктөрі); есірткі заттарын ұрлау (213-1-баптың екінші және үшінші бөліктөрі); есірткі заттарын қолдануға азғыру (213-2-баптың екінші бөлігі); есірткі заттарын заңсыз жасау, алу, сақтау, тасу, жіберу немесе өткізу (214-баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктөрі); притон ұстай және женгетайлық (215-1-баптың бесінші бөлігі); көлік құралдарын айдал әкету (221-баптың екінші және үшінші бөліктөрі); бағынбау (225-баптың "в" тармағы); бұйрықты орындау (226-баптың "в" тармағы); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызмет міндеттерін бұзуға зорлау (227-баптың "б" және "в" тармақтары); бастықты қорқыту (228-баптың "в" тармағы); бастыққа зорлық әрекеттер жасау (229-баптың "б" тармағы); бір-біріне бағынбайтын әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзуы (231-баптың "в" тармағы); бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (233-баптың "г" тармағы); дезертирлік (234-баптың "б" және "г" тармақтары); ұрыс жағдайында бөлімді өз бетімен тастап кету (235-бап); өзінің дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе басқа тәсілмен әскери қызметтен бұлтару (236-баптың "б" тармағы); әскери мулікті қасақана жою немесе бүлдіру (238-баптың "в" тармағы); қаруды, сондай-ақ айналасына аса қауіп төндіретін заттар мен құралдарды қолдана білу ережесін бұзу (238-1-баптың "в" тармағы); ұшу немесе оған дайындалу ережесін бұзу (240-бап); кеме жүргізу ережесін бұзу (241-бап); қарауыл қызметінің жарғылық ережелерін бұзу (242-баптың "е" тармағы); жауынгерлік кезекшілік атқару ережелерін бұзу (244-баптың "в" және "г" тармақтары); соғыс құпиясын жариялау немесе соғыс құпиясы жазылған құжаттарды жоғалту (246-баптың "в" тармағы); билікті теріс пайдалану, асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі (247-баптың "б" және "в" тармақтары); соғыс жүргізу құралдарын жауға беру немесе тастап кету (248-бап); суға батып бара жатқан соғыс кемесін тастап кету (249-бап); ұрыс алаңын өз еркімен қалдыру немесе қару қолданудан бас тарту (250-бап); өз еркімен тұтынуға берілу (251-бап); тонау (253-бап); соғыс жүріп жатқан

аудандағы халыққа зорлық жасау (254-бап); сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 1995 жылғы 12 мамырға дейінгі редакциясындағы: тонау (133-баптың үшінші және төртінші бөліктері); шабуыл жасап тонау (134-бап); қорқыту арқылы талап ету (135-баптың екінші және үшінші бөліктері); мұлікті қасақана жою немесе бұлдіру (141-баптың екінші бөлігі) үшін сотталғандарға;

8) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (96-бап); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-бап); азаптау (107-баптың екінші бөлігі); ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдарын немесе тінін алуға мәжбүр ету (113-баптың екінші және үшінші бөліктері); адамның иммун тапшылығы вирусын (АКТК/ЖКТБ) жүқтүруы (116-баптың үшінші бөлігі); зорлау (120-баптың екінші және үшінші біліктері); нәпсікүмарлық сипатындағы күш қолдану (121-баптың екінші және үшінші біліктері); адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың үшінші бөлігі); адамдарды пайдалану үшін азғырып-көндіру, сондай-ақ әкету және олардың транзиті (128-баптың үшінші бөлігі); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-баптың төртінші бөлігі); кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап); басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (156-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (158-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (159-бап); геноцид (160-бап); экоцид (161-бап); жалдамалылық (162-бап); халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (163-бап); әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (164-баптың үшінші бөлігі); мемлекеттік опасыздық (165-бап); шпионаж (166-бап); Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қастандық жасау (167-бап); Билікті қүшпен басып алу немесе билікті қүшпен ұстап тұру не Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзырына кіретін өкілдіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы (168-бап); қарулы үлкіншілік (169-бап); диверсия (171-бап); жұмылдыруға шақырудан жалтару (174-баптың екінші бөлігі); ұрлық (175-баптың үшінші бөлігі); сеніп тапсырылған бөтен мұлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (176-баптың үшінші бөлігі); алаяқтық (177-баптың үшінші бөлігі); тонау (178-баптың үшінші бөлігі); қарақшылық (179-бап); ерекше құнды заттарды ұрлау (180-бап); қорқытып алушылық (181-баптың екінші және үшінші бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (185-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бұлдіру (187-баптың үшінші бөлігі); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (206-баптың екінші және үшінші бөліктері); экономикалық контрабанда (209-баптың үшінші бөлігі); терроризм (233-бап); терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (233-1-бап); террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу (233-2-бап); экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру (233-3-бап); адамды кепілге алу (234-бап);

ұйымдастық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (235-бап); заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (236-баптың бірінші бөлігі); бандитизм (237-бап); үйлерді, құрылыштарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алу (238-баптың екінші және үшінші бөліктегі); әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдал әкету, сол сияқты қолға түсіру (239-бап); теңіз қарақшылығы (240-бап); жаппай тәртіпсіздіктер (241-баптың бірінші және екінші бөліктегі); атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (244-баптың екінші бөлігі); радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (248-баптың үшінші бөлігі); айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (250-баптың үшінші бөлігі); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жұру (251-баптың үшінші бөлігі); қаруды заңсыз жасау (252-баптың үшінші және төртінші бөлігі); қаруды, оқ дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктегі); бұзақылық (257-баптың үшінші бөлігі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктегі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-баптың екінші және үшінші бөліктегі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру (261-баптың екінші және үшінші бөліктегі); құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (262-баптың екінші бөлігі); улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (263-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктегі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстau (264-баптың екінші бөлігі); көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (299-баптың үшінші бөлігі); қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-баптың үшінші және төртінші бөлігі); билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-баптың үшінші және төртінші бөлігі); пара алу (311-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктегі); өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-баптың екінші бөлігі); сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асыруши адамдардың өміріне қол сұғу (340-бап); сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (341-баптың төртінші бөлігі); көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (344-баптың екінші бөлігі); көрінеу заңсыз ұстau, қамауға алу немесе қамауда ұстau (346-баптың үшінші бөлігі); көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығару (350-баптың екінші бөлігі); көрінеу жалған сөз жеткізу (351-баптың үшінші бөлігі); жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не

мәжбүр ету (354-баптың төртінші бөлігі); бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (358-баптың екінші бөлігі); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (360-бап); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердің қалыпты қызметтің тәртібін бұзу (361-бап); бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындау (367-баптың үшінші және бесінші бөліктегі); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (368-баптың екінші және үшінші бөліктегі); бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері (369-баптың екінші және үшінші бөліктегі); бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (370-баптың үшінші бөлігі); білімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (372-баптың бесінші және алтыншы бөліктегі); қашқындық (373-баптың екінші және үшінші бөліктегі); жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу (375-баптың екінші және үшінші бөліктегі); қарауыл (вахта) қызметтің атқарудың жарғылық ережелерін бұзу (377-баптың екінші бөлігі); билікті теріс пайдалану, биліктің асыра қолданылуы немесе әрекетсіздігі (380-баптың екінші және үшінші бөліктегі) құрып бара жатқан әскери кемені тастап кету (382-баптың екінші бөлігі); жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету (383-бап); тұтқынға өз еркімен берілу (384-бап); тонаушылық (385-бап); әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту (386-баптың үшінші бөлігі); ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу (392-бап); кеме жүргізу ережелерін бұзу (393-бап) үшін сottалған және қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарға қолданылмайды.

Осы баптың 7) және 8) тармақшалары Осы Заңының 5-бабында аталған адамдарға қолданылмайды.

**11-бап.** Осы Заңының 1-бабының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында аталған адамдардың мәртебесін растайтын құжаттардың болуы оларға қатысты рақымшылық жасауды қолдану үшін міндетті.

**12-бап.** Осы Заңының 2, 3, 4, 5, 7-баптарында көзделген жаза мерзімінің бөлігін өтеу осы Заң қолданысқа енетін күнге есептелетін болып белгіленсін.

**13-бап.** Қылмыстар жиынтығы болған жағдайда, егер қылмыстардың біреуі осы Заңының қолданылу аясына жатпаса, рақымшылық жасалмайды.

**14-бап.** Егер осы Заң қолданысқа енетін күнге қосымша жаза орындалмаған болса, рақымшылық жасау қолданылатын адамдар негізгі жазадан да, қосымша жазадан да босатылады.

**15-бап.** Осы Заң соттылығы заңмен белгіленген тәртіппен алынып тасталған немесе өтелген адамдарға, сондай-ақ қылмыстық жауаптылығы жаңа қылмыстық заңмен жойылған (қылмыс құрамын декриминализациялау) қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар адамдарға

қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Заңың 1, 2, 3-баптарында аталған адамдардан, оларға рақымшылық жасау кезінде, оларды жазалаудан босатумен бір мезгілде соттылығы алынады. Осы Заң қолданысқа енгенге дейін жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардың аталған санатынан онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін бұрынғы соттылығы алынады.

### **16-бап. Осы Заңды орындау:**

1) бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарға қатысты жазаны орындаушы органдар мен мекемелерге;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабына сәйкес қоғамдық жұмыстарға, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабына сәйкес түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жазаны өтейтіндерге қатысты жаза орындайтын, белгіленген лауазымды атқару немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің

41-бабына сәйкес белгілі бір қызмет атқару құқығынан айырылған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабына сәйкес бас бостандығы шектелген, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 63-бабына сәйкес шартты сотталғандар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 72-бабына сәйкес үкімді орындау кейінге қалдырылған адамдарға қатысты жазаны орындайтын қылмыстық-атқару инспекцияларына;

3) қылмыстары туралы істері мен материалдары анықтау мен алдын ала тергеу органдарының іс жүргізуінде жатқан адамдарға қатысты - осы органдарға;

4) әскери қызмет бойынша шектеуге немесе тәртіптік әскери бөлімдерде ұстауға сотталған әскери қызметшілерге қатысты әскери бөлімдердің командирлеріне;

### **5) миналарға:**

қылмыстары туралы істері мен материалдары соттардың іс жүргізуінде жатқан және осы Заң қолданысқа енгенге дейін қаралмаған, сондай-ақ қылмыстары туралы істері қаралған, бірақ үкімдері заңды күшіне енбеген адамдарға;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабына сәйкес қоғамдық жұмыстарға, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабына сәйкес түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жазаны өтейтіндерге, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 41-бабына сәйкес белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабына сәйкес бас бостандығын шектеуге, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 63-бабына сәйкес шартты түрде сотталғандарға, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 72-бабына сәйкес үкімді орындау кейінге қалдырылған адамдарға қатысты - соттарға жүктелсін. Соттар қоғамнан оқшауламай сотталғаның жазаны өтеу орны бойынша материалдарды қарайды;

негізгі жаза түрінде айыппұл тағайындалған, осы Заң қолданысқа енгенге дейін айыппұл өндіріп алынбаған (рақымшылық жасауды үкім шыгарған сот қолданады) адамдарға;

жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға және осы Занды қолданысқа енгенге дейін жазаның өтелмеген бөлігі негұрлым жеңілірек жазамен ауыстырылған (рақымшылық жасауды сол адам есепте тұратын аумактағы сот қолданады) адамдарға қатысты - соттарға жүктелсін.

**17-бап.** Осы Занды қолдану уәкілетті органның (лауазымды адамның) прокурор санкция берген қаулысы негізінде, сондай-ақ сот қаулысының негізінде жүргізіледі.

Соттар осы Занды қолданған кезде прокурордың қатысуы міндетті.

Түзеу мекемесі, қылмыстық-атқару инспекциясы бастығының немесе тәртіптік әскери бөлім мен гауптвахта командирінің қаулысына:

- 1) көтермелекшелер мен жазалаулар туралы анықтама;
- 2) сотталған адамның жеке ісі;
- 3) рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шешуге қажетті басқа да  
құжаттар қоса беріледі.

Жазаны өтеу уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысына прокурор санкция берген не соттың рақымшылық жасау актісін қолдану туралы қаулысы Занды қүшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

**18-бап.** Егер рақымшылық жасауды қолдануға болатын тұлға, рақымшылық жасауға қарсы болса, ол қолданылмайды.

**19-бап.** 16-балта аталған органдар осы Зандының орындалуын ол қолданысқа енген күннен бастап алты ай ішінде қамтамасыз етсін.

**20-бап.** Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын оның шегінен тыс жерлерде өтеп жүрген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар негізінде, аумағында сот үкімін орындау жүзеге асырылып жатқан мемлекеттің құзыретті органының ұсынуы бойынша шешеді.

Қазақстан Республикасымен халықаралық шарттар жасалмаған шетелдік мемлекеттерден Қазақстан Республикасына бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеу үшін тапсырылған адамдарға рақымшылық жасау осы адамдарды берген мемлекеттердің құзыретті органдарының келісімімен ғана қолданылады.

**21-бап.** Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері :

1) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және туған-туыстары мен жақындары жоқ мүгедектер мен қарт адамдарды арнаулы интернат-үйлерге орналастыруға ;

2) босатылған кәмелетке толмағандарды ата-аналарының, қорғаншы және қамқоршы органдардың қадағалауына беруге не қажет болған жағдайда оларды балалар үйлеріне, мектеп-интернаттарға немесе өзге де білім беру үйимдарына жіберуге ;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған туберкулезбен ауыратындардың емделуін жалғастыруға бақылау жасауды қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

**22-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК